

БЕКІТІЛГЕН

Астана қаласы әкімдігінің
«Қоғамдық тамақтандыру және
сервис колледжі» ШЖҚ МКК
еңбек ұжымының жиналысымен
(еңбек ұжымы жиналысының №03
хаттамасы, 02.09.2024 ж.)

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНУ ЖӘНЕ СЕРВИС КОЛЛЕДЖІ» ШЖҚ МКК ДИРЕКТОРЫНЫҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ

1. Бұл Кодекс Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың біліктілік сипаттамаларына сәйкес әзірленген және колледждің барлық педагог қызметкерлері орындауға тиіс педагогикалық этика нормалары мен жалпы қағидалар жиынтығы болып табылады. Бұл Кодекс Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың қолданыстағы біліктілік сипаттамаларына сәйкес әзірленген. Бұл Кодекс колледж директорының этикалық қағидалары мен моральдық құндылықтарын іске асыру болып табылады. Ол колледждегі барлық педагог қызметкерлер үшін ортақ қағидалар мен педагогикалық этика нормаларын қамтиды.

2. Директор Қазақстан Республикасының заңнамасына және білім беру ұйымының Жарғысына сәйкес колледждің оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметін басқарады.

3. Колледж қызметкерлерімен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес реттейді.

4. Директор Қазақстан Республикасы заңдары шеңберінде келесі мәселелер бойынша жауапты:

- студенттер мен қызметкерлердің құқықтары мен бостандықтарын бұзылуына;
- оның құзыретіне жататын функцияларды орындамауына;
- мемлекеттік міндетті білім стандартының талаптарын бұзылуына;
- оқу-тәрбие процесі барысында студенттер мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына;
- қаржы-шаруашылық қызметтің жай-күйі, соның ішінде материалдық және ақша қаражаттарын мақсатсыз пайдаланылуына;
- басқа да нормативтік құқықтық актілер мен еңбек шартында қарастырылған талаптардың бұзылуына.

4. Директор колледж қызметін жариялы жүргізеді, қоғамның білім беру, зерттеу және қаржылық қызмет жөнінде хабардар болуына жағдай жасайды.

5. Директор оқу жоспарларын, бағдарламаларды, оқу процесінің кестелерін, ішкі тәртіп ережелерін бекітеді. Білім беру ұйымының басқару құрылымын, штаттық кестесін, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын анықтайды.

6. Жұмыс берушілермен және әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастықты үйлестіреді, колледждің материалдық-техникалық базасын жетілдіру және ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырады.

7. Директор еңбек қауіпсіздігі, техника және өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Бұл Кодекстің орындалуын бақылау және колледждегі даулы жағдайларды шешу кәсіподақ комитетіне жүктеледі.

8. Кадрларды іріктеу және орналастыруды жүзеге асырады, олардың біліктілігін арттыруға жағдай жасайды. педагогикалық және тәрбиелік процестің қажетті деңгейін қамтамасыз етеді, олардың біліктілігін арттыру және кәсіби шеберлігін жетілдіру үшін

жағдай жасайды. Білім беру ұйымдарымен бірлескен жұмыс бойынша жалпы басшылықты жүзеге асырады.

9. Қоғаммен байланысты қамтамасыз етеді, ата-аналармен (оларды алмастыратын тұлғалармен) жұмысты үйлестіреді. Колледжді жоғары тұрған, қоғамдық және басқа да ұйымдарда таныстырады.

10. Әлеуметтік әріптестік пен халықаралық ынтымақтастықты кеңейту шараларын жүзеге асырады. Астана қаласы білім басқармасына оқу, ғылыми және қаржылық қызмет нәтижелері туралы жылдық есеп береді. Еңбек қауіпсіздігі, техника қауіпсіздігі және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша заңнамалық және басқа нормативтік құқықтық актілердің талаптарын орындайды.

11. Колледж директоры келесі заңдарды біледі және сақтайды: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының Салық кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңдары, білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар, білім беру мен тәрбиелеу мәселелері бойынша басқа да нормативтік құқықтық актілер. Сондай-ақ, педагогика және психология негіздерін, заманауи педагогикалық ғылым мен тәжірибенің жетістіктерін, басқарудың инновациялық әдістерін, экономика және қаржы-шаруашылық қызметінің негіздерін, еңбек заңнамасын, еңбек қауіпсіздігі, техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі ережелерін біледі.

Кодекс ережелерінің орындалуын бақылау және колледждегі даулы жағдайларды шешу кәсіподақ комитетіне жүктеледі.

Ар-намыс кодексін бұзу кәсіподақ комитетінің отырысында талқылау нысанасына айналады.

Кәсіподақ комитетінің төрағасы



Л.Тнымбаева